

**«Ақтөбе қаласының №4 жалпы білім беретін орта мектебі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің кезектен тыс қамқоршылық
кеңесінің отырысы**

Хаттама №3

Қатысқандар саны- 14

31.07.2024 жыл

Өзін-өзі бағалау комиссия мүшелері – 5

Қамқоршылық кеңес мүшелері – 9

Күн тәртібінде:

- 1. Қазақстан Республикасы «Білім туралы» заңының 59-бабының 4 тармағының 4 тармақшасына сәйкес мектеп басшысының өзін-өзі бағалау жөніндегі есебінің нәтижелері**

Тыңдалды:

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы С.Нургалиева күн тәртібіне қойылған мәселемен таныстырып, өзін-өзі бағалау нәтижелерінің қорытындысы бойынша сөзді мектеп директоры А.Тулегеновке берді.

Тыңдалды: А.Тулегенов өзін-өзі бағалау комиссиясының төрағасы

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы №486 бұйрығының 2-тарау 3 тармағының 1, 2 – тармақшаларына сәйкес Ақтөбе қаласының №4 жалпы білім беретін орта мектебінің кезектен тыс өткізілген №10 кіші педагогикалық кеңесінің шешімімен 2024 жылдың 01.03-29.03 аралығы өзін-өзі бағалау кезеңі деп танылып, өзін-өзі бағалау жүргізу үшін жоспар құрылды. Жоспарға сәйкес комиссия құрамы бекітіліп, комиссия мүшелері арасына тапсырмалар бөлініп берілді. Өзін-өзі бағалау кезінде білім беру қызметіндегі нормативтік-құқықтық актілермен жеке қолданыстағы құқықтық актілер зерделенді.

Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының қызметін бағалауға арналған өлшемшарттарына сәйкес бағалау парағы толтырылып, білім беру қызметтерін көрсету сапасына «қанағаттанарлық» деген қорытынды берілді (*слайдпен бағалау парағы көрсетілді*). Мектептің қызметіне өзін-өзі бағалау барысында педагог кадрлардың тиісті бейінін анықтайтын құжаттарының үлесі, біліктілік санаттары бойынша үлес пайызы, біліктілігін арттыру курстарынан өткен педагогтердің үлесі, мемлекеттік тіркеу тізіліміне сәйкес жабдықтармен және жиһазбен жарактандырылуы, ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдар үшін жасалған жағдайлар, оқу әдістемелік кешендермен

қамтамасыз ету сәйкестігі бағаланды. Мектеп педагогтары мен 4, 9 класс білім алушыларының ата-аналарынан және мектеп алды даярлық тобының тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне ата-аналардың пікірін білу үшін, сапалы оқыту мен тәрбиелеу үшін жағдайдың жасалу деңгейін анықтау үшін педагогтерден онлайн сауалнамалар алынды. Сонымен қатар білім, білік және дағды сапасын бағалау үшін 4,9 класс оқушыларынан тест алынды. Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының қызметін бағалауға арналған өлшемшарттарына сәйкес жоғарыдағы көрсетілген мазмұнда бағалау парағы толтырылып, білім беру қызметтерін көрсету сапасына «**жақсы**» деген қорытынды берілді.

Қамқоршылық кеңесінің мүшесі – мектеп қызметіне жүргізілген өзін-өзі бағалау жұмыстарына қанағаттанатынын айтып өтті.

Қаулы:

1. Мектеп басшысының Ақтөбе қаласының №4 жалпы білім беретін орта мектебінің өзін-өзі бағалау жөніндегі есебі қабылданын.
2. Ақтөбе қаласының №4 жалпы білім беретін орта мектебінің өзін-өзі бағалау жұмысының қорытынды анықтамасы Ақтөбе облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментіне ұсынылсын.

Қамқоршылық кеңес төрағасы:

Кеңес мүшесі:

Кеңес мүшесі:

Кеңес мүшесі:

Кеңес мүшесі:

Кеңес мүшесі:

Кеңес мүшесі:

Кеңес мүшесі:

Кеңес мүшесі:

С.Маймакова

Н.Мырзалиева

А.Қаратаев

А.Чайкин

Л.Адилъшинова

Ж.Камбаров

А.Абдрахманов

Г.Карабалина

Ж.Сальжанова